



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ "МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ" КАФЕДРАСЫ»

050038, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы - 71, ГУК 3 Б, Экономика және бизнес жоғары мектебі, "Менеджмент және маркетинг" кафедрасы, тел. 8-727-221-12-48.

Құрметті магистранттар!
"Менеджмент және маркетинг" кафедрасы
"Мемлекеттік және жергілікті басқару", "Менеджмент" және
"Маркетинг" мамандықтары бойынша сырттай халықаралық
студенттік олимпиада мына тақырып бойынша өтуін хабарлайды:

"БИЗНЕС ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ»

Сырттай Халықаралық олимпиадаға "Мемлекеттік және жергілікті (муниципалдық) басқару", "Менеджмент", "Маркетинг" мамандықтарының күндізгі оқу бөлімінің 1-2 курс студенттері қатыса алады. Әрбір оқу орны Олимпиада конкурсына қатысу үшін 2 (екі) командадан (құрамында 3-5 адам) артық болмауы қажет. Басқа қатысушы командалар арасында ең жоғары балл сомасы болып табылатын университет командасы жеңімпаз болып танылады. Сырттай Халықаралық олимпиада қорытындысын шығару кезінде қазылар алқасы командалық есепте әр орын бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

Сырттай Халықаралық Олимпиада бір кезең бойынша өткізіледі. Әрбір мамандық бойынша қосымшада көрсетілген тақырып бойынша бизнес - кейстердің жауаптары - шешімдері (1-қосымшаны қараңыз) ұйымдастырушылардың электрондық поштасына жіберілуі тиіс: olympiadakaznu@gmail.com 23.11. 2018 жылға дейін.

Жіберілген жауаптардың нәтижелері бойынша Бизнес-кейстерде әр мамандық бойынша ең көп балл жинаған 6 команда іріктеледі.

Сырттай Халықаралық олимпиадаға қатысушыларды тіркеу үшін ЖОО қатысушылардың өтінішін толтырады және жібереді (2 - қосымшаны қараңыз).

Бірінші, екінші және үшінші орын алған жеңімпаздар дипломдармен марапатталады:

- I орын үшін-I дәрежелі диплом (1 командадан артық емес •)
- II орын үшін-II дәрежелі диплом (2 командадан артық емес))
- III орын үшін-III дәрежелі диплом (3 командадан артық емес).

Олимпиада соңында жеңімпаздарға дипломдар тек электронды пошта арқылы тапсырылады!

Сырттай Халықаралық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар кестесі бойынша мерзімі

Мерзімі	Іс- шаралар
05.11.2018ж.	Халықаралық университеттерге Ақпараттық хат жіберу
23.11. 2018 ж. қоса алғанда	Қатысушылардың ЖОО - нан БИЗНЕС-кейстердің шешіміне қатысу және жауап беру үшін ұжымдық өтінішті электронды поштаға жіберу
30.11.2018 ж.	Қазылар алқасы мүшелерінің БИЗНЕС-кейстерді тексеру - бағалауы, қатысушылардың электрондық пошталары арқылы нәтижелерді жариялау

Өтініш және жауаптар - бизнес-кейстердің шешімі **23.11.2018 ж. 24.00** дейін жіберілуі тиіс, электрондық пошта: olympiadakaznu@gmail.com

Барлық мамандықтар бойынша байланыстағы тұлға:

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Менеджмент
және маркетинг" кафедрасының оқытушысы
Сермагамбет Умит Маратовна

Тел: +7 777 287 40 95